



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«Абай аманаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Конференцияның ерекшелігі

Республикалық конференцияның ерекшелігі – ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының рухани-адамгершілік мұрасын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне кіріктірудің ғылыми-тәжірибелік тетіктерін айқындауға бағытталуда. Конференция мазмұны балалардың ерте жастан ұлттық сана-сезімін, адами құндылықтарын, мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда Абай ілімінің тәрбиелік мәнін ашуға негізделеді. Абайдың шығармаларында адамгершілік, имандылық, еңбекқорлық, білімге құштарлық, әділдік пен мейірімділік сияқты тәрбиелік маңызы зор ұғымдар кеңінен қамтылған. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық қалыптасу кезеңінде Абай мұрасын тәрбие үдерісіне енгізу олардың ұлттық сана-сезімін оятуға, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді деп көздейді.

Конференция мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогтерге озық педагогикалық тәжірибелерімен алмасуға және эксперименттік алаңдарды таныстыруға мүмкіндік береді.

Конференцияның маңызы – ұлттық тәрбие мен жалпыадамзаттық құндылықтардың өзара сабақтастығын көрсету. Іс-шара барысында педагогтер Абай шығармашылығын негізге ала отырып, баланың тұлғалық дамуын кешенді түрде қамтамасыз ету, отбасы мен балабақша арасындағы тәрбиелік ықпалдастықты нығайту жолдарын талқылайды.

І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. «Абай аманаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» республикалық конференциясының (бұдан әрі – конференция) ережесі максаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды және материалдарды бағалау тәртібін айқындайды.

1.2. Ұйымдастырушылар: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚКК Астана қаласы Білім басқармасының қолдауымен өткізеді.

1.3. Конференцияға қатысушылар: мектепке дейінгі білім беру ұйымының меңгерушісі, әдіскері, тәрбиешісі, педагогтері.

1.4. Өткізу форматы: офлайн/онлайн.

1.5. Өтетін уақыты: 2026 жылғы 15 сәуір, сағат 10:00.

1.6. Өтетін орны: №8 мектеп-лицейі (Сакен Сейфуллин к., 50)

1.7. Өтетін тілі: қазақ және орыс тілдерінде.

II. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда Абайдың рухани мұрасын тиімді пайдаланудың ғылыми-тәжірибелік негіздерін айқындау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу және тәжірибеге енгізу.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды ұлттық және адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеудегі Абайдың рухани мұрасының мазмұндық әлеуетін зерделеу;
- Абай шығармаларын мектепке дейінгі білім беру үдерісінде қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін айқындау;
- педагогтердің Абай мұрасын оқу-тәрбие жұмысында пайдалану бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік материалдарды тарату;
- озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату.

III. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

3.1. Конференцияны өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен сараптау комиссиясы құрылады.

3.2. Сараптау комиссиясының құрамына мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әдіскерлері, қазақ тілі педагогтері кіреді.

3.3.Қатысу шарты:

I бағыт (мақала жариялау) онлайн форматта. Мақала жариялау құны: 2000 (екі мың) теңге.

II бағыт (сөз сөйлеу) офлайн форматта. Конференцияда сөз сөйлеу құны 4000 (төрт мың) теңге.

III бағыт (шебер сынып) офлайн форматта («Абай аманаты» эксперименттік алаңға қатысатын балабақшалар үшін). Конференцияда шебер сынып көрсету құны 4000 (төрт мың) теңге.

3.4. Төлем төменде көрсетілген реквизиттер бойынша қабылданады. Төлем жасалғаннан кейін төлемнің күні мен уақыты көрсетілген түбіртек (чек) қосымшаға сәйкес тиісті материалмен бірге электрондық пошта арқылы жолданады.

Төлем реквизиті (1-қосымшада ақыны төлеу үлгісі көрсетілген):

Мекеменің атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК

ЖСН/БСН: 070540006188

ЖСК: KZ42722S000006089425

БСК: CASPKZKA

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, көш. Қабанбай батыр 33

КБЕ: 16

3.5. Сұраныс (1-қосымшаға сәйкес) пен ақы төлеген түбіртекті, сонымен қатар конференция материалдарын **2026 жылдың 23 наурызына дейін** (барлық құжат қатысушының тегімен сақталу керек) abai.maqala@mail.ru поштасына жіберулері қажет.

IV. КОНФЕРЕНЦИЯ БАҒЫТТАРЫ:

I БАҒЫТ. «АБАЙ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУ»

Формат: мақала жариялау

Мақсаты: Абайдың рухани мұрасын мектепке дейінгі тәрбие жүйесінде ұлттық тәрбие құралы ретінде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негіздерін ашу, сондай-ақ балалардың ұлттық сана-сезімі мен мәдени құндылықтарға құрметін қалыптастырудағы тиімді педагогикалық тәсілдерді айқындау.

Мазмұны:

Мақалада Абайдың рухани мұрасы негізінде мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ұлттық және адамгершілік тәрбиені дамытудың өзекті мәселелері теориялық әрі практикалық тұрғыда жан-жақты қарастырылады. Ұлттық және адамгершілік тәрбиенің мәні Абайдың философиялық ой-тұжырымдары мен шығармашылығы негізінде талданып, оларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесінде қолдануға арналған педагогикалық ұсыныстар беріледі.

Абай шығармашылығындағы ізгілік, еңбекқорлық, білімге ұмтылу, мейірімділік пен жауапкершілік идеяларының тәрбиелік әлеуеті ғылыми тұрғыда негізделеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәжірибесі, озық педагогикалық үлгілер, тәрбиелік іс-шаралар мен жобалар нақты деректер мен мысалдар арқылы сипатталады.

Сонымен қатар Абай ілімі негізінде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдары айқындалып, балабақша тәжірибесін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар мен тұжырымдар ұсынылады. Ұсынылған қорытындылар мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ұлттық және адамгершілік тәрбие сапасын арттыруға, Абай мұрасын тәрбиелік үдерісте жүйелі әрі мақсатты пайдалануға негіз болады.

Қатысушылар:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогтері

Ұсынылатын тақырыптар:

- Абай мұрасы және мектепке дейінгі ұлттық тәрбие.
- Абай ілімі негізінде мектепке дейінгі жастағы балалардың адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.
- Абай шығармашылығын мектепке дейінгі тәрбиеге енгізу әдістемесі.
- Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бала тәрбиесіне кіріктіру жолдары.
- Педагогикалық инновациялар: Абай аманатын қолдана отырып тәрбие мен білім беру тәжірибесі.

- Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы тәрбиелік ынтымақтастық.
- Баланың рухани дамуы және әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудағы Абай мұрасының рөлі.
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ұлттық тәрбие беру бойынша тәжірибелік жобалар.
- Абай мұрасы арқылы балалардың моральдық және этикалық құндылықтарын дамыту.
- Ұлттық тәрбие мен заманауи педагогикалық технологияларды үйлестіру мүмкіндіктері.

Бағалау критерийлері:

- тақырыптың өзектілігі және тәжірибелік маңызы;
- әдіс-тәсілдердің жаңашылдығы мен тиімділігі;

Мақалаға қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні 3-қосымшаға сәйкес 2 беттен кем емес, 5 беттен аспауы тиіс, беттері нөмірленген, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек. Парақтың параметрлері: қағаз форматы – А4, жоғарғы жиегі – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см. жоларалық – 1 интервал. Қаріп – Times New Roman немесе KZ Times New Roman, қаріп өлшемі – 14. Қолданылған әдебиеттер мақаланың соңында, белгіленген тәртіпке сәйкес жазылады.

II БАҒЫТ. «АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ»

Формат: сөз сөйлеу

Мақсаты:

Абайдың философиялық және педагогикалық мұрасын мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттеу, тәжірибелік және оның адамгершілік, моральдық және интеллектуалдық құндылықтарын балалардың тұлғалық дамуына әсер етуінің тиімді жолдарын анықтау.

Мазмұны:

Абай мұрасын мектепке дейінгі білім беру тәжірибесінде қолданудың ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік маңызы, сондай-ақ ұлттық және адамгершілік құндылықтарды дамытудағы рөлі.

Регламент 7 минут.

Қатысушылар:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері

Жұмыс түрі: презентация және доклад.

III БАҒЫТ. «АБАЙ ІЛІМІН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА КІРІКТІРУ»

Формат: шебер сынып (офлайн)

Мақсаты:

«Абай аманаты» эксперименттік алаңының жұмысын практикалық тұрғыда көрсету, тиімді әдіс-тәсілдер, құралдар мен технологияларды ұсыну.

Мазмұны:

«Абай аманаты» эксперименттік алаңы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру тәжірибесін практикалық түрде көрсетуге бағытталған. Алаңда Абай мұрасын қолданудың тиімді әдістер мен құралдарды ұсыну. Сонымен қатар, педагогикалық инновациялар мен авторлық жобалар енгізіліп, педагогтердің командалық өзара әрекеті мен тәжірибе алмасуы көрсетіледі.

Қатысушылар:

«Абай аманаты» эксперименттік алаңына қатысушы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары

V. КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Спикерлерге конференцияда іс-тәжірибесімен бөліскендігін растайтын сертификаттар табысталады. Қатысушы жіберген жұмысының сапасына, шынайылығына жауапты. Ұсынылған жұмыстарға түсініктеме берілмейді, жұмыс қайтарылмайды.

Ескертпе: I,II бағыт бойынша материалдарды және түбіртек (чек) көшірмесін **2026 жылдың 23 наурызына дейін** abai.maqala@mail.ru поштасына жіберулері қажет.

Қосымша ақпарат алу үшін **+7 708 208 05 11** телефон арқылы хабарласа алады.

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы
С. Дауешоваға

Сұраныс

2026 жылдың 15 сәуір күні өтетін «Абай аманаты – мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық және адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің негізі» **тақырыбында** республикалық конференциясына кестеде берілген педагогтің материалын қабылдауыңызды сұраймын.



Қала, аудан, мекеме атауы	Педагогтің аты-жөні	Конференция бағыты	Жұмыс түрі	элпоштасы	телефоны (ватцап)
		I бағыт II бағыт III бағыт	Мақала немесе презентация және доклад		

_____ (білім беру ұйымының атауы)

_____ (басшысының аты жөні / мөрі / қолы)

Ескерту: Өтінім мекеме басшысының қолы қойылған, мекеме мөрі басылған, шығыс нөмері жазылған, ворд және скан түріндегі екі нұсқада болуы тиіс.

Төлем жасау үлгісі:



МАҚАЛАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Астана қаласы
№____ «» балабақшасының
педагогі (тәрбиешісі)

(аты-жөні)

Аңдатпа

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін

Түйінді сөздері:

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін

Кіріспе

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
[1, 95 б].

Әдебиеттерге шолу

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін [2].

Зерттеу әдіснамасы

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Нәтижелер (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Талқылау (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Қорытынды (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін

Зерттеуді қаржыландыру туралы ақпарат

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: (ЖМББС) бойынша)

1. А. К. Игибаева, А.Д. Толеуханова: «Киберпедагогика– педагогика ғылымының инновациялық» //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2020. – Т. 68. – №. 4. – С. 12-17.

2. Aitbaeva A., Shaigozova Z. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу немесе оқыту дизайны мәселелері //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2022. – Т. 71. – №. 2. – С. 4-12.

3. Б. К. Иксатова, Ш. Ж. Колумбаева, А. Ж. Еримова «Болашақ бастауыш білім педагогтерінде цифрлық дағды қалыптастырудың басымдықтары» //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 73. – №. 1. – С. 86-96.

4. Г.М. Сухова Планирование в экономике / Г.М. А.А. Сухова, М. Григорян. / Печатное слово, 2012. – 248 с